



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

БІЗ, ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ, ӨЗГЕЛЕРДІҢ ТЕРІС ЫҚПАЛЫНА ТҮСПЕЙТІН ӨЗ ИДЕОЛОГИЯМЫЗҒА СҮЙЕНУІМІЗ КЕРЕК. БІЗДІҢ ИДЕОЛОГИЯМЫЗДЫҢ ТІРЕГІ – МЕМЛЕКЕТІМІЗДІҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІ. ЕҢ БАСТЫСЫ – ДҰРЫС СӨЙЛЕП, ЖАҚСЫ НИЕТ БІЛДІРУ ҒАНА ЕМЕС, НАҚТЫ ЖҰМЫС ІСТЕП, ИГІЛІКТІ ІСКЕ КҮН САЙЫН КҮШ ЖҰМСАУ. БІЗГЕ БОС СӨЗ ЕМЕС, НАҚТЫ ІС КЕРЕК. ОҚЫТУ-ТӘРБИЕЛЕУ ҮДЕРІСІНДЕ «БІЗ ӘРТҮРЛІМІЗ, БІРАҚ БӘРІМІЗ ТЕҢБІЗ», «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛҚЫ БІРТҰТАС» ДЕГЕН ҚАФИДАТТАР КӨРИНІС ТАБУҒА ТИІС. БҰЛ – МЫЗҒЫМАС ӘРІ БЕРІК ҚАФИДАТТАР. МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТЫҢ БАСТЫ ӨЗЕГІ ЖӘНЕ ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІ НЫҒАЙТАТЫН НЕГІЗГІ ФАКТОР – БІРЛІК.

№50
(4638)
Сенбі
27 сәуір
2024 жыл



ASTANA

ELORDA
AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



БІРЛІК ПЕН ЫНТЫМАҚ – ЕСКІРМЕЙТІН ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқы Ассамблеясының «Бірлік. Жасампаздық. Өрлеу» атты XXXIII сессиясын өткізді. Жиынға Парламент Сенатына ҚХА қатарынан сайланған депутаттар, республикалық этномәдени бірлестіктердің жетекшілері мен мүшелері, Ассамблеяның еріктілері, сондай-ақ бейнебайланыс арқылы Ұйымның өңірлердегі делегаттары қатысты.

2-3



Биыл мектеп түлектеріне ақша жинап, банкет ұйымдастыруға тыйым салынды.

9-11 сынып түлектерінің қауіпсіздігін және емтихандарға сапалы дайындығын қамтамасыз ету мақсатында ақша жинауға, салтанатты іс-шаралар, банкеттер ұйымдастыруға және автомобильдермен шығуға тыйым салынады, деп хабарлады Оқу-ағарту министрлігінің баспасөз қызметінің хабарламасында.

Ал 11 (12) сынып түлектеріне аттестат тапсыру және ерекше үлгідегі «Алтын белгімен» марапаттау 12-15 маусым аралығында мектептердегі барлық емтихандар аяқталғаннан кейін өтеді.



2-4 мамыр күндері Астанада шайбалы хоккейден Qazaqstan Hockey Open-2024 халықаралық жолдастық турнирі өтеді.

Турнирде Қазақстан, Ресей және Беларусь командалары күш сынайды. Бұл жарыс Қазақстан құрамасы үшін әлем чемпионаты алдындағы дайындық ретінде өтетін болады.

Ал әлем біріншілігі 10-24 мамыр аралығында Чехияда өтеді.



ҚАЛДЫҚТЫ ҚАЙТА ӨНДЕУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

7-БЕТ | ЖАСЫЛ ҚАЗАҚСТАН



СӨКЕН АШҚАН МЕКТЕПТЕР

10-БЕТ | РУХАНИЯТ



ЕЛОРДАДА ЖАҢА АУДАН ҚҰРЫЛАДЫ

Халық санының өсуіне және аумақтың қала құрылысы инфрақұрылымының белсенді дамуына байланысты, сондай-ақ әкімшілік-аумақтық басқаруды оңтайландыру мақсатында Астанада Алматы ауданын қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылданды.

Жоғарыда айтылғандарға сәйкес аталған ауданды екі бөлікке бөлу ұсынылады: – өзінің тарихи атауын сақтайтын – Алматы ауданының ауданы 8 518 га құрайды; – жалпы ауданы 6 953 га болатын жаңа әкімшілік аудан (бұдан әрі – жобаланатын аудан) болмақ.


Бұған дейін Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов елордада алтыншы аудан құруға бастамашы болған.

Жаңа ауданның құрылуы жөніндегі құжат жобасы жария талқылау үшін Ашық НҚА порталында орналастырылған.

АСТАНАДА СУБҰРҚАҚТАР 1 МАМЫРДА ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

ҚҰНДЫ ҚҰЖАТҚА ҚОЛ ҚОЙДЫ

Мемлекет басшысы Ұлыбританияның Сыртқы істер министрі Дэвид Кэмеронды қабылдады. Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлыбританияның сыртқы саясат ведомствосының басшысына ілтипат білдіре отырып, оның Қазақстанға сапары екі-жақты қатынастарды дамытуға тың серпін беру тұрғысынан мәні зор екенін айтты.



«Біздің маңызды стратегиялық серіктесіміз – Ұлыбританиямен арадағы өзара тиімді ынтымақтастықтың қарқынды дамып келе жатқанына көңіліміз толады. Бүгін Стратегиялық серіктестік және ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылғанын айрықша атап өткім келеді. Бұл жан-жақты құжат біздің сан қырлы байланыстарымызды кеңейту үшін берік негіз қалайтынына сенімдімін» деді Президент.

Мемлекет басшысы сауда-экономикалық және инвестициялық ықпалдастықты, соның ішінде энергетика, «жасыл» экономика, қаржы, инновация

салаларындағы ынтымақтастықты нығайтуға мол әлеует бар екеніне назар аударды.

Энергетика, білім, бизнес және мәдениет салаларындағы ынтымақтастықты нығайтуға және халықтар арасындағы байланыстарды өркендетуге ниеттіміз» деді Ұлыбритания Сыртқы істер министрі.

Әңгімелесу барысында мәдени-гуманитарлық байланыстарды тереңдету, әсіресе, білім беру саласы мен жастарды қолдау ісіне ерекше назар аударылды. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев пен Дэвид Кэмерон өңірлік және халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты.



ҚХР ҚОРҒАНЫС МИНИСТРІН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХР Қорғаныс министрі Дун Цзюньді қабылдады. Президент Қазақстанға ресми сапармен келген Қытай Халық Республикасының Қорғаныс министрі Дун Цзюньге ілтипат білдіре отырып, оның тату көршілік, достық қатынастарды және өзара тиімді ынтымақтастықты нығайтуға қосқан үлесін ерекше атап өтті.

Президент қазақ-қытай байланыстары жоғары деңгейде екеніне, яғни арада мәңгілік әрі жан-жақты стратегиялық серіктестік орнағанына назар аударды.

Мемлекет басшысының пікірінше, көпжақты құрылымдар аясында Қазақстан мен Қытайдың өңірлік және

халықаралық қауіпсіздіктің негізгі мәселелеріне қатысты көзқарастары ұқсас.

Өз кезегінде ҚХР Қорғаныс министрі Дун Цзюнь қонақжайлық көрсеткені үшін Мемлекет басшысына алғыс айтып, ШЫҰ-ға мүше елдердің қорғаныс министрлерінің кеңесі жоғары деңгейде өткенін атап өтті.

Төлен ТІЛЕУБАЙ

(Соңы. Басы 1-бетте)

ХАЛЫҚ СІЗДЕРМЕН БІРГЕ!

Қасым-Жомарт Тоқаев, ең алдымен, еліміздің бірнеше аймағындағы табиғат апаты салдарын еңсеру үшін жүргізіліп жатқан ауқымды жұмыстарға тоқталып, су тасқыны басталғаннан бері Қазақстан халқы Ассамблеясы да ортақ істен шет қалмай, белсенді әрі үйлесімді жұмыс істеп жатқанын атап өтті. Мұның бәрі өзара жанашыр және тілеулес болудың айқын көрінісі екенін айтты.

«Ассамблея сессиясы жыл сайын Бірлік күні қарсаңында өтеді. Ал биылғы басқосу мемлекетіміз үшін күрделі



БІРЛІК ПЕН ҮНТІМАҚ – ЕСКІРМЕЙТІН ҚҰНДЫЛЫҚТАР

кезеңге тұспа-тұс келді. Шын мәнінде, бұл сессияны дәл осы кезде өткізудің мәні зор. Бірлік пен ынтымақ – ешқашан ескірмейтін құндылықтар. Бұған осы күндерде көзіміз жетті деуге болады. Халқымыз өте ауыр сынаққа тап болды. Қазақстан аумағының жартысын тасқын су басып қалды. Еліміздің мызғымас бірлігі осы қиын күндерде айқын көрінді. Құтқарушылар, волонтерлер, мемлекеттік қызметшілер, сарбаздар, тәртіп сақшылары, қоғам белсенділері, бизнес өкілдері және жастар – бәрі бірге жүр. Ортақ істен ешкім шет қалған жоқ. Бүкіл аймақта қоғамның барлық өкілдері бір кісідей жұмылды. Отандастарымыз зардап шеккен жандарға жаппай қол ұшын созды. Бір-біріне шынайы жанашыр болды. Мен қарғын сумен күресуге зор үлес қосқан нағыз отаншыл азаматтарға шексіз ризамын» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев қазақстандықтар сын сағатта жұрт болып жұмылғанымызды тілге тиек етті. Үкімет, мемлекеттік органдар, құзырлы мекемелер және еріктілер бірлесе жұмыс істеді. Соның арқасында 119 мыңнан астам адам дер кезінде қауіпсіз жерге көшірілді. Оның 45 мыңға жуығы – балалар. Ең бастысы, біз адам өмірін барынша сақтап қалдық. «Орталық және жергілікті мемлекеттік органдар апат салдарын жоюға бар күшін жұмсап жатыр. Жағдайдың одан әрі ушығып кетпеуі – басты назарда. Құтқарушылар күндіз-түні жұмыс істеп жүр. Қоғам белсенділері және волонтерлер гуманитарлық көмек жинауды қолға алды. Халқымыздың ынтымағы мен жоғары азаматтық жауапкершілігі осы кезде айқын көрінді. Бірқатар аймақтар инфрақұрылымды және бүлінген үйлерді қалпына келтіруге кірісіп кетті. Бұл шаруаға ірі бизнес өкілдері қосылды. Еліміздегі компаниялар, жеке кәсіпкерлер түрлі көмек қорларына қомақты қаржы аударды. Қаражат күн сайын түсіп жатыр, көмек қоры ұлғаяды деп сенемін.

Кәсіпкерлерге зор алғыс айтамын. Болашақта да халқымыздың игілігі үшін бірге жұмыс істейміз деп сенемін» деді Мемлекет басшысы. Ешкім елеусіз қалмайтынын қадап айтқан Президент: «Зардап шеккен азаматтарға тағы да айтамын: бүкіл халық – сіздермен бірге. Көп ұзамай баршаңыз қалыпты өмірге

дылығымыз және мемлекеттік саясаттың бұлжымас бағдары болып қала беретінін айтты. Президент осы мақсатқа жету үшін орындалуға тиіс бірнеше өзекті міндетке арнайы тоқталды. Қасым-Жомарт Тоқаев, ең алдымен, Ассамблея жұмысын еліміздің жаңа гуманитарлық идеологиялық доктринасымен үйлестіру қажет деп санайды.

ой-пікірдің көпшілігі Атыраудағы Құрылтай, шын мәнінде, ұлттымыздың дамуына қатысты жаңа философия мен идеологияның бастауына айналды деген пайымға келіп тоғысады. Дегенмен Құрылтайда айтылған жалпыұлттық доктрина, яғни тұғырнама жетекші қоғамдық институттардың барлығы қолдаса ғана толық жұмыс істей алатынын ұғынған жөн. Сіздердің, қоғамның қолдауы болмаса, бұл доктрина қағаз жүзінде қалады. Мұны міндетті түрде жүзеге асыруымыз керек. Ондағы негізгі қағидаттарды орнықтыру ісінде Ассамблея басты рөл атқаруға тиіс» деді Мемлекет басшысы.

Бұдан бөлек, Президент балаларды іргелі құндылықтарға сүйене отырып тәрбиелеуге баса мән беру керектігін мәлім етті. «Өскелең ұрпақтың дүниетанымы тарихқа қатысты



қайта ораласыздар. Ол үшін мемлекет бәрін жасайды» деді.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕРДЕН АЙНЫМАЙМЫЗ

Президент түрлі сын-қатерге қарамастан, еліміз стратегиялық мақсат-міндеттерінен айнымайтынына назар аударды. Оның айтуынша, аз уақыт ішінде жүргізілген саяси реформалар нәтижесінде биліктің барлық тармағы адамның заңды мүддесін, құқығы мен еркіндігін қорғауға және оны ілгерілетуге негізделген жаңа жүйе бойынша жұмыс істей бастады. Ендігі міндет – әділдік, инклюзивтілік, прагматизм қағидаларына негізделген және халықтың әл-ауқатын арттыруды көздейтін жаңа экономика үлгісіне көшу.

Бұл орайда Қасым-Жомарт Тоқаев Ассамблеяның бүгінгі сессиясы «Бірлік. Жасампаздық. Өрлеу» деп аталғанын, барша халқымыздың стратегиялық бағдарының түпкі мәнін осы үш сайын түсіп жатыр, көмек бірлік пен ынтымақ басты құн-

«Біз Құрылтайдың Атыраудағы отырысында негізгі идеологиялық тұжырымдарды жинақтап, жүйелеп алдық. Жалпыға ортақ құндылықтарды айқындадық. Бұл – ең алдымен, Тәуелсіздік және Отаншылдық. Одан кейін – Бірлік және Үнтімақ. Келесі – Әділдік пен Жауапкершілік. Сондай-ақ – Заң және Тәртіп. Бұдан соң – Еңбекқорлық пен Кәсібилік. Және – Жасампаздық пен Жаңашылдық. Бұл – біздің саясат пен экономикадан бастап, білім мен мәдениетке дейінгі барлық саладағы бағыт-бағдарымыз. Мұның бәрі халқымыздың азаматтық бірегейлігін нығайтады. Сондай-ақ еліміздің болашақ келбетін қалыптастырады. Ассамблея жұмысына арқау болып отырған қағидалар осы құндылықтармен толық үндеседі» деп мәлімдеді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Ұлттық құрылтайдан соң оның қорытындысы туралы қоғамдық талқылауды жіті бақылап отырғанын айтты. «Сарапшылардың және ел ісіне бей-жай қарамайтын азаматтардың пікірін, ұсыныстары мен тілектерін оқыдым. Меніңше,

өкпе-решістен, догматизмнен және мәдени стереотиптерден ада болуға тиіс. Жастарымыз әрдайым алға ұмтылуы қажет. Олардың дүниетанымы өткенді, бүгінді және болашақты біртұтас ұлттымыздың еш бөлінбейтін ортақ мұрасы ретінде эмоциясыз, саяси астарсыз шынайы қабылдауға негізделуі өте маңызды. Біз, Қа-

зақстан халқы, өзгелердің теріс ықпалына түспейтін өз идеологиямызға сүйенуіміз керек. Біздің идеологиямыздың тірегі – мемлекетіміздің Тәуелсіздігі. Ең бастысы – дұрыс сөйлеп, жақсы ниет білдіру ғана емес, нақты жұмыс істеп, игілікті іске күн сайын күш жұмсау. Бізге бос сөз емес, нақты іс керек. Оқыту-тәрбиелеу үдерісінде «Біз әртүрліміз, бірақ бәріміз теңбіз», «Қазақстанның халқы біртұтас» деген қағидалар көрініс табуға тиіс. Бұл – мызғымас әрі берік қағидалар. Мемлекеттік саясаттың басты өзегі және жалпыұлттық бірегейлікті нығайтатын негізгі фактор – бірлік» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев ортақ Отанымыздың тағдырына жанашырлығымыз біздің азаматтық сана-сезіміміздің өзегі болып қала беретінін айтты. «Ал ұлттық толеранттық, өткен заманның дәстүрлеріне және түрлі мәдениетке деген құрмет, мемлекеттік тілді және басқа да тілдерді білу – Қазақстан азаматтарына тән қасиеттер. Бұдан бөлек, Қазақстан Республикасының аспан түстес төлқұ-

АҒАЛАР ЕРЛІГІ – ҰРПАҚҚА ҰЛАҒАТ

Астанада жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу және әскери қызметтің мәртебесін көтеру мақсатында әскери-патриоттық акция өтті. Акция барысында бір топ астаналық жастарды әскерге шығарып салу рәсімі де ұйымдастырылды.



Ғалым
ҚОЖАБЕКОВ

Әскери-патриоттық іс-шараға қатысушылар алдымен «Жастар» сарайының алаңында ұйымдастырылған әскери техникаларды, ал ішкі залда әскери киім-кешек пен құрал-жабдықтарды тамашалады. Қатысушылар қатарында Қарулы күштердің ардагерлері, Ауған соғысы және аумақтық қақтығыстар ардагерлері, сонымен қатар оқу орындарының әскери кафедра жетекшілері, колледж және мектеп оқушылары болды. Құрметті қаруылдың сарбаздары

салтанатты жағдайда Мемлекеттік туды шығарғаннан кейін, мемлекеттік әнұран шырқалды. Жиынға қатысушылар Ұлы Отан соғысында қаза болған қазақстандықтарды бір минуттық үнсіздікпен еске алды.

Әскери-патриоттық іс-шараны Астана қаласы әкімдігінің жұмылдыру басқармасының басшысы Руслан Бешеев іс-шараға арнайы шақырылған ардагерлерге алғыс білдіріп, әскерге баратын жастарға абыройлы қызмет тіледі.

Жиналған қауым алдында «Қарулы Күштер ардагерлері» республикалық қоғамдық бірлестігі төраға-

сының орынбасары, отставкадағы генерал-майор Марат Нағұманов жастарға арналған сөзін айтты.

Бүкіл саналы ғұмырын әскери қызметке арнаған, сондай-ақ Ауғанстанда интернационалдық борышын өтеген Марат Сералыұлы айтулы іс-шараның маңызы өте жоғары екенін, жастарымыздың бойына отансүйгіштік қасиетті сіңіру үшін осындай іскери-патриоттық акцияларды ұйымдастыру өте пайдалы болатынын, аға ұрпақтың ерлігі қазіргі жастар ұлағат болып қалуы керек екенін атап айтты. Ал балалық шағы соғысқа тап болған тұлғалар Евгений Николаевич Галюк те соғыс майдангерлерінің ерлігі мен тыл еңбеккерлерінің қажырлы жұмысы туралы баяндап берді.

Іс-шара барысында Ұлы Отан соғысында қаза тапқан майдангердің Әбдікерім Өмірзақовтың жатқан жерінен әкелінген бір уыс топырақ пен қайтыс болғаннан кейін берілген «Ерлігі үшін» медалі майдангердің бауырының немересі Рабиға Мәуленоваға салтанатты жағдайда табыс етілді.

Іс-шара барысында көрермен назарына биыл 100 жылдығы аталып өтіп жатқан Сағадат Нұрмағамбетов, Рақымжан Қошқарбаев, Әлмұқан Сембинов секілді батырлар туралы көрсетілімдер ұсынылды.

Жиынға қатысушылар жақында әскерге аттанатын жастарға сәтті сапар, абыройлы қызмет атқаруды тіледі. Әскери-патриоттық акция сарбаздардың қоян-қолтық ұрыс, қару-жарақты қолдану өнерлерін көрсетумен, әскери-патриоттық әндермен түйінделді.

ЧЕРНОБЫЛЬ АПАТЫ ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛДЫ

Астанада Чернобыль трагедиясының құрбандарына арналған ескерткішке гүл шоқтары қойылып, еске алу рәсімі өтті.

1986 жылы 26 сәуірде орын алған Чернобыль станциясындағы апат адамзат тарихындағы ең ауыр ядролық апаттың бірі болып саналады. Осы апаттың салдарын жоюға қатысқан қазақстандықтар да аз болған жоқ.

Чернобыль атом электр станциясындағы апат құрбандарын еске алу рәсімі бір минут үнсіздіктен басталды. «Чернобыль ардагерлері одағы» қоғамдық бірлестігі мүшелері, Астана қаласы әкімдігі өкілдері, мәслихат депутаттары және қала тұрғындары қатысқан іс-шара бір минуттық үнсіздікпен еске алу рәсімімен басталды.

«Біз бүгін Чернобыль қасіретінің құрбандарын еске алуға жиналып отырмыз. Көптеген азаматтарымыз апаттың салдарын жоюға атсалысты. Қазіргі таңда елордада төрт жүзден астам ардагер тұрады. Олар қаланың қоғамдық іс-шараларына белсенді түрде қатысады және бізбен тығыз ынтымақтастықта жұмыс атқарып келеді. Біз бұл адамдарға әрдайым құрмет көрсетуден жалықпаймыз. Олардың ерліктерін мәңгі есте сақтаймыз, – деді Астана қаласы Ішкі саясат басқарма-



сының басшысы Нұрәулет Әлмұханов.

Қоғам қайраткері Ержан Айтықов қазақстандықтардың алғашқылардың бірі болып көмекке барғанын, олардың көпшілігі апат салдарын жоюға өз еркімен қатысқанын атап өтті.

«1986 жылы 26 сәуірде болған Чернобыль апаты – құрбандары адамзатқа тигізген зардабы жөнінен тарихтағы ең ауыр ядролық апаттардың бірі. Осы сәтте қарапайым халық көптеген ер-

лік жасады, құтқарушылар, еріктілер қараусыз қалған үйлерді тонаудан қорғады, түрлі жағдайларда жан-жақты көмек көрсетті. Сол мазасыз күндерде көптеген қазақстандықтар адамгершіліктің жоғарғы үлгісін көрсетті. Қазір халық су тасқынынан зардап шеккендерге көмек көрсеткендей сол уақытта да апатты жоюға қатысты» деді Ержан Айтықов.

Сәбина КӘКІМЖАН

ЖҰМЫССЫЗДАРДЫ ҚОЛДАЙТЫН ЖОБА

2024 жылғы 1 сәуірінде ел бойынша «Күміс жас» жобасымен 9,9 мың адам жұмысқа орналасты. Астана қаласының тұрғындары да жобаның шарапатын көптеп көруде.

Елордалық Гүлмаржан Наурызалиева 59 жасында мамандығы бойынша жұмыс тапты. Қазір «Зерделі» ақыл-ой дамыту орталығында» бас есепші қызметін атқарады.

«Өткен жылы жұмыс іздеп Астана қаласының мансап орталығына жүгіндім. Алдымен жұмыссыз адам ретінде тіркелдім, содан кейін маған

сәйкес жұмыс орнын таңдау басталды. «Күміс жас» жобасы бойынша «Зерделі» ақыл-ой дамыту орталығында» берілген бағыт бойынша әңгімелесуден өтіп, бас есепші болып жұмысқа тұрдым» деді қуаныш иесі Гүлмаржан.

Бұл жобаға 50 жастан асқан жұмыссыз адамдар зейнеткерлік жасқа

толғанға дейін қатыса алады. Жобаға қатысу үшін мансап орталығына өтініш беруі керек.

Жыл соңына дейін ел бойынша 19 мың адамды жоба аясында еңбекпен қамту жоспарланса, Астана қаласында 1 мыңнан астам адамды жұмысқа орналастыру көзделіп отыр.

Астанада Enactus Kazakhstan National EXPO 2024 мектеп оқушылары мен студенттер кәсіпкерлігінің республикалық чемпионаты өтті. Тартысты сайыста әр өңірден 200-ден аса команда қатысты. Екі күнге созылған додада барлығы 1300-дей талантты білім алушы бақ сынады.

ЖАСТАРДЫҢ КӘСІПКЕРЛІК ЖАРЫСЫ



Республикалық мектеп кәсіпкерлігі чемпионаты – Enactus халықаралық қауымдастығының бастамасымен өткізілетін жыл сайынғы байқау. Кәсіп бастаймын деген жастарды біріктіретін бірегей алаңға биыл Астана қаласынан 26 команда сайысқа. Чемпионатқа қатысушылар оқу жылы бойы әлеуметтік, экологиялық және инновациялық жобаларды ойластырып, шындыраумен жұмыс істейді. 25-26 сәуір аралығында олар түрлі тақырыптағы стартап жобаларды таныстырды. Әр жобаның басты мақсаты – еліміздегі өзекті мәселелерді шешуге атсалысу.

Enactus Kazakstan қорының вице-президенті Аружан Мыхтиярованың сөзінше, чемпионат 4 кезең бойынша өткізілді. Алғашқысы – мектеп кәсіпкерлігінің V республикалық чемпионаты. Екіншісі, биылғы ерекшелік – тұңғыш рет колледж студенттері арасында да өтуі. Ал жоғары оқу орындарының жас кәсіпкерлері екі кезеңде сайысты. Бірі – әлемдік кубокқа тартыса, енді бірі чемпионатқа жаңадан қосылып жатқан университеттер үшін болды.

– Жастарды кәсіпкерлікке баулу, іскерлікке ынталандыру, бизнес-идеяларды жүзеге асыруға жол ашу-

дың бір тетігі – аталмыш республикалық чемпионат. БҰҰ-ның тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған жобаларды іске асыруда, болашақ бизнес көшбасшылары мен әлеуметтік кәсіпкерлерді қалыптастыруда Enactus Kazakhstan National Expo ауқымды іс-шарасы айтулы үлес қосады, – деді өз сөзінде Астана қаласы Инвестиция және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы туризмді дамыту бөлімінің басшысы Өмірзақ Тілеужан.

Чемпионатқа қатысушылар арасында Астана халықаралық мектебінің оқушылары тың идеяны ұсынумен ерекшеленді. Мектептің 10-сынып оқушысы Малика Рымғалиева құрдастарымен бірге 8 ай көлемінде қызу дайындалып, бірқатар жобаларды ұсынды.

Чемпионат қорытындысы бойынша мыңдаған жобаның арасынан үздік әлеуметтік стартаптар анықталды. Мектеп пен колледждер командалары ұлттық чемпион атанып, қосымша қаржылай сыйлықтар мен демеушілердің қолдауын иеленді. Ал университеттер арасындағы жеңімпаз ұлттық чемпион атағымен қоса Нидерландта өтетін ENACTUS World Cup 2024 кубогында өнер көрсетуге жолдама алды.

Дайындаған Индира БЕРЖАНОВА

ВЕЙПТІ СПОРТТЫҚ ТАУАРЛАРҒА АЙЫРБАСТАДЫ

Астанада нашақорлықтың таралуына қарсы «Тәуелділікті спортқа айырбаста» акциясы кезекті рет өтті. Іс-шара елорданың Алматы ауданы әкімдігінің, қалалық Дене шынықтыру және спорт басқармасы, Полиция департаментінің есірткі қылмысына қарсы күрес басқармасы және Жастар саясаты мәселелері басқармасының қолдауымен ұйымдастырылды.

Акция аясында астаналық спортшылар қала тұрғындарына электронды темекіні спорттық құрал-жабдықтарға айырбастауды ұсынды. Солардың қатарында елорданың Жастар мәслихатының депутаты, қазақстандық спортшылар одағының мүшесі Нариман Секен болды.

«Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен қоғамдық маңызы зор акция өткізілді. Оның аясында біз темекі және вейп шегетін жастарға қолдарындағы зиянды заттарды бокс қолғабына, теннис жиынтықтарына, басқа да жабдықтарға айырбастауды ұсындық. Осылайша, біз елордалықтарды салауатты өмір салтына шақыра отырып, дені сау ұрпақ қалыптастыруға атсалысамыз» деді спортшы.

Іс-шараның ұйымдастырушылар тарапы ретінде «Астана жастары» жастар ресурстық орталығының НЕЕТ санатындағы жастармен жұмыс бөлімінің маманы Сұлтан Өмірғалиев мұндай бастамалардың маңыздылығын атап өтіп, жастарды спортпен айналысуға шақырды.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында есірткі мен қазақстандықтардың денсаулығына зиянды басқа да заттардың қауіп-қатері туралы айтты. Соның негізінде бірқатар кешенді жұмыстар жүргізілуде. Осы акция арқылы біз жастарды спортпен шұғылдану, денсаулықтарына көңіл бөлу керінін көрсетіп, дұрыс жолға салғымыз келеді» деді маман.



ЕЛШІЛЕР КӨШЕТ ОТЫРҒЫЗДЫ

«Таза Қазақстан: Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» ауқымды экологиялық акциясы «Жасыл аймақ» апталығына ұласып, көшет отырғызып және ағаштарды ақтауда. Экологиялық акцияға 70-ке жуық шетелдік елшіліктер мен халықаралық ұйымдар қолдау көрсетті.

Алматы және Байқоңыр ауданындағы демалыс орындарына көшет отырғызуға Жапония, Түркия, Португалия, Тайланд, Израиль, Ватикан, Ресей, Индонезия, Тәжікстан, Грузия, Беларусь, Әзербайжан, Қырғызстан, Түрікменстан елшілері мен өкілдері қатысты.

– Жыл өткен сайын Астана қаласының көркейіп келе жатқанын көріп жүрмін. Елордалықтардың тазалыққа бейжай қарамайтыны қуантады. Экологиялық акцияға қатысып, көшет отырғызып, Астананың жасыл қалаға айналуына үлес қостым. Өйткені әрбір отыр-

ғызылған ағаш – болашаққа салған үлесіміз, келесі ұрпаққа қамқорлық, – деді Ресейдің Қазақстандағы елшісі Алексей Бородавкин.

Акцияға қатысушылар өз аумағын көгалдандыруға мән беріп, белсенді еңбек етті.

– Көңіл-күйіміз өте керемет. Мұндай акциялардың қоршаған ортаға тигізетін пайдасы көп. Ағаш отырғызу, саябақтарды көгалдандыру жұмыстарын әрдайым қолдаймын. Әрбір отырғызылған ағаш – болашаққа салған үлесіміз, келесі ұрпаққа қамқорлық. Осы бағытта Қазақстанда ауқымды жұмыстар атқарылып жатыр.

Біз де өз тарапымыздан мұндай іс-шараларды үлкен ықыласпен қолдаймыз, – дейді сенбілікке қатысқан Беларусь Республикасының Қазақстандағы Елшілігінің кеңесші-елшісі Дмитрий Зорин.

– Байқоңыр ауданы аумағында 350 түп ағаш отырғызылды. Мұның қатарында қайың, қарағай, шырша бар. Көшет отырғызумен қоса, суару жүйесін бірге орналастырдық. Бұл іске елшілер де үлес қосып жатқаны қуантады. Жалпы Байқоңыр ауданында 44 гүлзар мен 1 үлкен саябақ бар, – деді Байқоңыр ауданының әкімі Талғат Рахманберді.

Апталық аясында жасыл желектерді күтіп-баптау және көгалдандыру, сауда нысандарына іргелес аумақтарды тазалау, көгалдар мен гүлзарларды ретке келтіру, рұқсат етілмеген қоқыстарды жою және т.б. жүргізіліп жатыр.

Байқоңыр ауданы әкімдігінің ұйымдастыруымен «Жасыл аймақ» апталығы аясында Қарулы күштердің мемлекеттік әскери-тарихи музейі аумағында әртүрлі елшілік өкілдері жаппай ағаш отырғызды.

Сәбина КӘКІМЖАН
Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

АЛМҰРТ АҒАШЫ – КӨШЕ КӨРКІ

«Жасыл аймақ» эконопталығының аясында Астанада жаяу жүргіншілер аллеясының біріне 300-ге жуық алмұрт көшеттері отырғызылды. Игілікті іс-шараға бірқатар елдің дипломаттары, спортшылар мен Әкелер одағының өкілдері қатысты. Жасыл желектер Нұра ауданындағы Әйтеке би көшесіндегі аллеяны көріктендірді.



Іс-шара республикалық «Таза Қазақстан» экологиялық науқаны аясында ұйымдастырылды. Аллеяны абаттандыруға Армения, Иордания, Литва, Оман, Румыния, Өзбекстан елшіліктерінің өкілдері қатысты.

«Қазақстандық дипломатиялық корпусқа 70-тен аса елшілік бар. Олардың барлығы қаламызды көркейту үшін осындай іс-шараларға үнемі қызығушылықпен, үлкен ықыласпен қатысады. «Жасыл аймақ» апталығы аясында қолдарына күрек алып, алмұрт көшеттерін отырғызуға білек сыбана кірісті. Дипломатиялық корпус Есіл өзенінің жағалауын тазарту не ағаш отырғызу болсын, мұндай акцияларға қатысуға әрқашан дайын, үнемі қолдау көрсетіп отырады» деді Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары Роман Василенко.

Қалалық Нұра ауданы әкімінің орынбасары Әлия Әбсеметова өз сөзінде Еуропалық Одақ және көршілес елдер өкілдерінің көгалдандыру акциясына қатысуын 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күніне орайластырылып отырғанын атады. Сондай-ақ қаланың жасыл қалаға айналуына үлес қосуға шақырды.

Акцияға қатысқан Өзбекстан елшілігінің қарасы көп болды. Сөздерінде, мұндай акциялардан үнемі қалыс қалмайды.

«Елшілік үшін эконопталыққа қатысу тың дүние емес. Өзбекстанда республиканы көгалдандыру бойынша жеке бағдарлама қарастырылған. Сонымен қатар, Арал теңізінің ахуалын жақсарту бойынша үлкен жұмыс жүргізілуде. Біз мүмкіндігінше қалаларымыздың жасыл, әрі экологиялық таза болуы үшін бар күшімізді саламыз» деді Өзбекстанның Қазақстандағы төтенше және өкілетті елшісі Нияз Ходжаев.

Жасылдандыру науқанына белсене қатысқандардың қатарында бокстан Азия чемпионатында ел намысын қорғайтын боксшылар, хоккейшілер және ММА жауынгерлері болды.

«Мемлекет басшысы өз сөзінде көшелерді, аулаларды тазалау, көгалдандыру және жолдарды ретке келтіру бойынша науқан жүргізудің маңыздылығын атап өтті. Бұл үндеуге еңбек адамдары, шағын және орта бизнес субъектілері, білім беру және денсаулық сақтау саласының мамандары бей-жай қарамай, қолдау көрсетіп жатыр. Әсіресе, Астана қаласының тұрғындары өте белсенді. Сенбілік – сұлулық пен тазалықта өмір сүруге деген ортақ тілегімізді көрсетудің тамаша бір тетігі» деді бокстан әлем чемпионы Санжар Тәшкенбай.

Екатерина ТЫЩЕНКО
Индира БЕРЖАНОВА



ЖЕТІ МЫҢ СТУДЕНТ СЕНБІЛІККЕ ШЫҚТЫ

Мемлекет басшысының бастамасымен өтіп жатқан «Таза Қазақстан: Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» атты экологиялық акцияға болашақ медицина мамандары да атсалысты. Астана медицина университетінің 7 мыңнан астам студенті қалада сенбілікке шықты.

Райхан
РАХМЕТОВА

Аталған оқу орнының проректоры Диас Сайданғазиннің айтуынша, бұл тазалық акциясы ел ертеңі жастардың патриоттық сезімін арттырып, оларды өз елін сүйетін, айналасына жаны ашитын қамқор етіп тәрбиелеуде маңызы зор. Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен ұйымдастырылған іс-шара барысында университет басшылығы мен оқытушылары жастарды аталған оқу орнының қалада бірнеше жерде орналасқан гимараттарын, сол маңдағы көшелерді тазалауға жұмылдырды. Президентіміздің бастамасына қолдау білдіру мақсатында өткен акцияда біздің студенттер тек оқу орындары аумағын ғана емес, Есенберлин көше-

сінен бастап Кенесары көшесіне дейін Бейбітшілік көшесін екі қапталынан қамти отырып, тазалау жұмыстарын жүргізді. Қыстан қалған шіріген жапырақтар мен қоқыстарды жинап, қаптарға салды және университет жанында 30 түп ағаш екті, – деді акция барысында оқу орнының проректоры. Экологиялық акцияға қатысқан шетелден келген студенттердің бірі Саиф Мунниб Али де өзінің осындай маңызды іс-шараның ортасынан табылғанына қуанышты екенін жеткізді.

– Экология дегеніміз – жай бір сәнге айналған сөз емес, бұл біздің денсаулығымыз бен болашақ ұрпақтардың игілігі үшін көрсетілетін қамқорлық. Қоршаған ортаның тазалығы барша-мыздың денсаулығымызға тікелей әсер етеді. Мұндай маңызды акциялардан

біздің университет ешқашан тыс қалған емес. Мен әрбір қазақстандықтарды осы іске белсене қатысуға шақырамын. «Таза Қазақстанды» бәріміз бірге жасай аламыз, – дейді ол.

Ал университеттің жалпы медицина факультетінің 4-курс студенті, әрі оқу орнының мәдени департамент басшысы Ерсұлтан Қыдырбай мұндағы студенттер волонтерлік қозғалыстардың бәріне белсене қатысатынын айтады.

– Бұл акцияның тәрбиелі маңызы зор. «Таза өлке», «Киелі мекен», «Жасыл аймақ» сынды бірнеше бөліктен тұратын акция еліміздің табиғатын аялап, оны қорғап, сақтауға шақырады. Аталған іс-шаралар көпшілік жиналып, көшені тазалайтын бір мезеттік науқанға айналмауы керек. Себебі қоршаған ортаны барлық уақытта қорғау – ортақ парызымыз, – дейді акцияға қатысушы студент.

Бүгінде бұл оқу орнында барлығы 11 мыңға жуық студент білім алады. Соның басым бөлігі қатысқан акция барысында тазалау жұмыстарына қажет жабдықтардың бәрін қала әкімдігі қамтамасыз етті.



CLEAN CITY NC КОМПАНИЯСЫ
КҮНІНЕ ШАМАМЕН
750-800 ТОННА,
АЙЫНА
24 000-25 000 ТОННА
ҚОҚЫС ҚАЛДЫҒЫН ШЫҒАРАДЫ

2021 ЖЫЛЫ
305,8 МЫҢ ТОННА,
2022 ЖЫЛЫ
316,7 МЫҢ ТОННА,
2023 ЖЫЛЫ
344,3 МЫҢ ТОННА
ҚАЛДЫҚ ӨНДЕЛДІ

«Жасыл экономиканы» дамыту – алда тұрған маңызды міндеттің бірі. Бұған қоршаған ортаның тазалығын сақтауда тұрмыстық қатты заттарды уақытылы жинау және өңдеу жатады. Біз Астана қаласы Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасының осы бағытта атқарып жатқан жұмысын білдік және қоқыс тазалайтындардың бір күнін бақыладық.

БҰҰ ДЕРЕГІНЕ САЙ ЖЫЛ САЙЫН ӘЛЕМДЕ
2,24 МЛРД ТОННА
ТҰРМЫСТЫҚ ҚАЛДЫҚ ШЫҒАРЫЛАДЫ. СОНЫҢ
55%-Ы ҒАНА БАҚЫЛАУДЫҢ АРҚАСЫНДА ҚАЙТА
ӨНДЕЛЕДІ. АДАМЗАТ ЖЫЛЫНА **931 МЛН ТОННА**
АЗЫҚ-ТҮЛІКТІ ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЛАҚТЫРЫП,
17 МЛН ТОННА ПЛАСТИК ҚАЛДЫҚТЫ
СУ ЭКОЖҮЙЕСІНЕ ТАСТАЙДЫ ЕКЕН

АСТАНА ҚАЛАСЫНДА
3 916 КОНТЕЙНЕР
АЛАҢЫНДА ЖАЛПЫ
17 362 КОНТЕЙНЕР
ОРНАЛАСҚАН.
3991-І – САРЫ КОНТЕЙНЕР,
12 040-Ы – ЖАСЫЛ,
МЕТАЛЛ КОНТЕЙНЕР,
638-І – МОЛОК ЖЕРАСТЫ
КОНТЕЙНЕРІ

де үш түрлі ыдыс болады. Ол кейде тіпті сегізге дейін жетеді. Яғни тамақ қалдықтары үшін, пластик, пакеттер мен қаптамалар үшін, қағаз бен картон үшін, шыны бөтелкелер мен банкалар үшін бөлек қоқыс жәшіктері қойылады. Түрлі сусын ыдысын (пластик, шыны) өткізіп, ақша алуға болады. Егер бөтелкелерді қайтарғыңыз келмесе, сіз сусынға қосымша төлеген ақшаңызды қайтара алмайсыз. Осылайша мемлекет тұрғындарды қоршаған ортаны ластамауды үйретеді.

2020 жылы қалдықтарды өңдеу өнеркәсібінің айналмы шамамен 80 миллиард еуроны құрады және бұл салада 250 мыңнан астам адам жұмыс істейді.

Германияда тазалық мәселесіне ерекше мән берілуінің сыры – тазалық нормаларын бұзған адамдарға айыппұл салады. Федералды штаттарда тазалыққа бей-жай қарасаңыз, 30 еуроан 75 еуроға дейін айыппұл төлейсіз.

Әр үй қоқыс шығару үшін ақша төлейді. Құны тұрғылықты жеріне, пәтер санына, бір кіреберістегі резервуарлардың көлеміне және санына байланысты айтарлықтай өзгеруі мүмкін. Осы факторларды ескере отырып, басқарушы компаниялар тарифті белгілейді.

Жыл сайын елде шамамен 41 миллион тонна қоқыс шығарылады, ал бір адамға шамамен 500 келіден келеді. Бұл көлемнің 60-80 пайызы электр энергиясын өндіру үшін қайта өңдеу немесе қалдықтарды жағу зауыттарына жіберіледі. Ал қалғаны полигондарға шығарылады.

тиіс. Астаналықтар арасында қолындағы қалдықтарды бей-берекет әр жерге тастап кететіндер бар. Ондай адамдарды ортақ тәртіпке қалай шақыруға болатынын білмеймін, – деді ол.

Озық елдер тәжірибесіне сүйеніп, бізде де қоқысты бөлек жинау тәсілі енді. Мәселен, металл және жасыл контейнерлер сарғыш түсті арнайы қоқыс тасығыш техникалармен шығарылады. Тұрғындар қоқысты түрлі түсті контейнерлерге бөліп салуы керек. Бірақ тұрғындарда тұрмыстық қалдықтарды сұрыптау мәдениеті төмен.

– Тұрмыстық қалдықтарды іріктеп, арнайы қоқыс жәшіктеріне салуға, макулатура мен пластик бөтелкелерді арнайы орындарға өткізуге шаһар тұрғындары дайын емес сынды. Дегенмен біз үлкен жұмыс атқарып, «жасыл экономикаға» үлес қосудамыз, – дейді Дәулет Сәрсенбай.

ГЕРМАНИЯ ТӘЖІРИБЕСІ ҚАНДАЙ?

Қалдықтарды сұрыптап, қайта өңдеу ісі бойынша Германия Еуропада алдыңғы орында. 1990 жылдары терең өңдеу енгізіліп, уақыт талабына сай жетілдіріліп келеді. Немістер тұрғын үйлерінің ауласында қоқыс жинауға арналған кемін-

P.S: *Тұрмыстық қатты заттарды өңдеуді ілгерілету маңызды. Болмаса даламыз қоқысқа толып, экология нашарлай береді. Бір жағынан, қоқыс – арзан шикізат көзі. Қысқасы, қалдықтарды қайта өңдеу – уақыт талабы.*

ҚАЛДЫҚТЫ ҚАЙТА ӨНДЕУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

– 2017 жылдан бастап Астана қаласында қалдықтарды басқарудың орталықтандырылған жүйесі жұмыс істейді. Оған қалдықтарды жинау, тасымалдау, сұрыптау, өңдеу және кәдеге жарату кіреді. 2018 жылдан екі фракция бойынша – құрғақ және дымқыл заттарды жинау жүйесі енді. Құрғаққа қағаз, пластик, шыны, металл кірсе, дымқылға тамақ қалдықтары жатады. Қала аумағы 40 учаскеге бөлінген. Тұрмыстық қатты қалдықтарды шығаруға 56 бірлік жұмылдырылған. Орнатылған GPS датчиктері бар қоқыс таситын көліктер, қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға арналған 16 мың контейнер орнатылды, 4 мың контейнер алаңда орналасқан, – деді басқарма басшысының орынбасары Жанар Бескемпірова.

Астана қаласында коммуналдық қалдықтарды басқарудың 2024-2029 жылдарға арналған бағдарламасы дайындалуда. Бұл бастама экология бағытындағы «жасыл» жобаларды іске асыруда инвестиция тартудың тетігін айқындайды.

– 2024 жылы 3,7 мың контейнер сатып алу жоспарланды. Қала аумағынан жиналған қоқыс қалдықтарды өңдеу зауытына жіберіледі. Өндіріс орнының жылдық қуаты – 250 мың тонна, ол орта есеппен тәулігіне 1200

тоннадай тұрмыстық қалдықтарды қабылдайды. Жыл өткен сайын қабылдайтын қатты қалдықтардың көлемі артып келеді. Мәселен, 2021 жылы 305,8 мың тонна, 2022 жылы 316,7 мың тонна, 2023 жылы 344,3 мың тонна қалдық өңделді. Қазір қалдықтарды қайта өңдеп, өртейтін жаңа зауыттар салуда шетел инвесторларымен келіссөз жүргізілуде, – деді Жанар Бескемпірова.

Жыл сайын халық саны өсіп, пайдалануға берілетін тұрғын үй кешендері ұлғайып жатқандықтан, коммуналдық қалдықтардың жиналу және түзілу қарқыны артып келеді. Бұл жаңа зауытты қажет етеді.

– 2023 жылы елордада Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында рұқсат етілмеген қоқыс орындары 2 есеге қысқарды. Ғарыш мониторингі нәтижесінде анықталған 338 учаскенің 224 учаскесі жойылып, 100 мың тонна қалдық шыға-

рылды. Қалдықтарды заңсыз шығарғаны үшін жаза күшейді. Әкімшілік құқық бұзушылық кодексі бойынша қалдықтарды белгіленген орыннан тыс жерге тастағандарға айыппұл көлемін арттыру қарастырылуда, – деді Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы басшысының орынбасары.

ТАЗАЛЫҚШЫНЫҢ БІР КҮНІ

Шаһарды қоқыстан тазалау жұмысына қатысатын адамдардың еңбегі ауыр. Олардың жұмысы күнделікті көзге көрінеді. Егер бірнеше күн белгілі бір себеппен учаскелер тазаланбай қалса, онда қаланы қоқыс басады.

«Clean City NC» ЖШС-те жұмыс істейтін Дәулет Сәрсенбаймен таңғы 6-да Есіл ауданында белгіленген аумақта кездестік. Қала жұрты қалың ұйқыда жатқан кезде, олар

жұмысты бастап кетті. Негізгі міндеті – тұрғын үй алаптарында орналасқан контейнерлерді қоқыстан тазалау. КамАЗ көлігіне қоқысты тиіп, өңдейтін зауытқа қарай асығады.

– Таңертеңгі сағат 4-те тұрып, жұмысқа шығамыз. Контейнерлерді тазалап, қоқыс алаңының жан-жағын жинап, қалдықтарды өңдеу зауытына тасимыз, – деді Д.Сәрсенбай.

«Әкімдік қайда қарап жүр, неге қоқыс тазаланбайды?». Осы тақылеттес арыз-шағымды жиі естиміз. Әсіресе жаз мезгілінде көпқабатты үйлердің ауласында бей-берекет тасталған қоқыстан жағымсыз иіс шығып, қоршаған ортаға қолайсыздық туып жатады. Алайда қоқыс тазалаушылар кесте бойынша күніне бірнеше рет қоқыс тасымалдайтынын айтады.

– Біз түске дейін контейнерлердегі қоқысты әкетсек, түстен кейін екінші бригада тазалайды. Сөйтіп күніне бірнеше рет қоқыс шығарамыз. Бұл – біздің міндетіміз. Қаланың таза болуына тұрғындар да мүдделес болуы



Айгүл УАЙС

– Еңбек мобильділігі орталығы – жаңа қызмет, оның негізгі бағыттары туралы айтып өтсеңіз.

– Астана қаласы әкімдігінің «Еңбек мобильділігі орталығы» КММ мансап орталығы – бос жұмыс орындарына іріктеу жүргізіп, жұмыссыз жүрген астаналықтарды тұрақты жұмыс орнына орналастыруға жәрдемдесетін орталық. Тиісті бос жұмыс орны болмаған жағдайда, уақытша жұмыс ұсынылады. Атап айтқанда, әлеуметтік жұмыс орындары, қоғамдық жұмыстар, жастар практикасы, алғашқы жұмыс орны, ұрпақтар келісімшарты және күміс жас деп аталатын санаттар халықтың қажетін өтейді.

Бүгінгі таңда Астана қаласы әкімдігінің «Еңбек мобильділігі орталығы» КММ мансап орталығына 16863 адам өтініш білдірді. Оның ішінде тұрақты жұмыс орындарына орналасқаны – 775 адам, соның ішінде ерлер – 350, әйелдер – 425, жастар – 329. Мемлекет субсидиялайтын уақытша жұмыс орындарына орналасқаны – 2757 адам, соның ішінде ерлер – 921, әйелдер – 1836, жастар – 1034. Бұл аз нәтиже емес.

тыруға көмектеседі. Кейіннен олар зейнет демалысына кететін әріптестерінің орнына қалады. Тәжірибе 6 айдан аспайды және ай сайын 30 АЕК мөлшерінде жалақы төленеді. Ақылы қоғамдық жұмысқа жұмыссыздар, студенттер және жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушылары оқудан бос уақытында қатысуға мүмкіндігі бар. Жұмыссыз адамдар 35 АЕК мөлшерінде тұрақты жалақы алып, 1 жыл бойы жұмыс істей

квота бөлу туралы түсіндіріп берсеңіз.

– Мүгедектігі бар адам қоғамдағы орны жоғары тұлға десек артық емес. Олардың жалақы төленеді. Ақылы қоғамдық жұмысқа жұмыссыздар, студенттер және жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушылары оқудан бос уақытында қатысуға мүмкіндігі бар. Жұмыссыз адамдар 35 АЕК мөлшерінде тұрақты жалақы алып, 1 жыл бойы жұмыс істей

– 251 адамнан жоғары – қызметкерлердің тізімдегі санының 4% мөлшерінде.

Бірақ мүгедектердің қоғамдық бірлестіктеріне, қызметкерлердің орташа жылдық саны 20 пайыздан астамы мүгедектігі бар адамды құрайтын ұйымдарға квота белгіленбейді. Елді мекендерде еңбегі үшін медициналық қарсы көрсетілімдері жоқ, еңбек етуге қабілетті жастағы мүгедектер болмаған кезде, мұндай елді мекендердің аумағында

ЖҰМЫС ІСТЕЙМІН ДЕГЕН ТАЛАБЫНА ЖЕТЕДІ

ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының ресми дерегіне сәйкес, 2023 жылдың қорытындысы бойынша Астана қаласында жұмыссыздық деңгейі 4,5 пайызды құрады, бұл республикалық мәннен 0,2 тармаққа төмен (ҚР бойынша – 4,7 пайыз), ал жастар жұмыссыздығы деңгейі 4 пайызды (ҚР бойынша – 3,5 пайыз) құрады. Астана қаласы бойынша жұмыссыздар саны 31238-ді құрады, оның ішінде 16-35 жас аралығындағы жастар – 11969 адам. Бүгінгі таңда Астана қаласының мансап орталығында 13386 жұмыссыз тіркелген, оның ішінде 5173-і – жастар. Астана қаласы әкімдігінің «Еңбек мобильділігі орталығы» КММ директоры Олжас ОМАРДАН осы бағыттағы іс-шаралар жөнінде білген едік.



Жұмыс іздеп жүргендер Астана қаласы әкімдігінің Еңбек мобильділігі орталығына жүгініп, барлық мүмкіндікті пайдалана алады. Бұл – ашық жұмыс орындары, бизнес ашуға арналған гранттар, жастарға шағын несие беру, кәсіптік оқыту, уақытша жұмыс орындары. «Электрондық еңбек биржасы» порталындағы бос жұмыс орындарының тізбесімен өз бетінше танысып, www.enbek.kz сайтында жеке кабинет құруға және қашықтан белсенді жұмыс іздестіруге мүмкіндігі бар

– Астана қаласы әкімдігінің Еңбек мобильділігі орталығында биыл жыл басынан бастап 7 бос орындар жәрмеңкесі өтті. Олар мүгедектігі бар, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған, пробация қызметінің есебінде тұрған, өмірлік қиын жағдайға тап болған, алимент бойынша берешегі бар адамдарға арналған. Оған 50-ге жуық компания өкілдері қатысып, өздеріне қажетті мамандарды жұмысқа алды. Ал 200-ден аса жұмыс іздеушіге 610 бос жұмыс орны ұсынылды.

Оңтүстіктен солтүстікке көшу үшін 2024 жылы бағдарламаға еліміз бойынша 7 мың квота бөлінген еді. Әрине, өз еркімен көшуге биыл да әлеуметтік төлем және үй алу үшін қаржылай қолдау көрсетіледі, жұмыс ұсынылады. Мысалы, біздің орталықта 29 ақпан-13 наурыз күндері оңтүстіктен солтүстікке қоныс аудару бағдарламасы бойынша Астана қаласында тұратын, қонаққа келген тұрғындар Солтүстік Қазақстан облысының Тайынша, Шоқан Уәлиханов, Қызылжар ауданының әкімшілік қызметкерлерімен кездесіп, бос жұмыс орындары жәрмеңкесінде өз сауалдарына жауап алды.

– **Баспасөз бетінде көп айтылып жүрген «Бастау бизнес» жобасы қаншалықты тиімді?**

– 2018-2023 жылдар аралығында жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін 1628 грант берілді. 2024 жылы Астана қаласында жоспар бойынша 125 грант беріледі. Грант халықтың отбасыларға және (немесе) оның жұбайына (зайыбына) төленетін жәрдемақыларды алушылар; асыраушысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік жәрдемақы алушылар; аймақаралық қоныс аударушылар; қолданыстағы «қандас» мәртебесі бар тұлғалар; еңбекке қарсы көрсетілімі жоқ мүгедектігі бар адамдар; мүгедек бала тәрбиелеп отырған адамдар және (немесе) оның жұбайы (зайыбы). Грант жұмыссыз немесе жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу мерзімі 3 жылдан аз жеке кәсіпкер ретінде тіркелген жағдайда беріледі. Гранттар қайтарымсыз негізде 400 еселенген айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде беріледі.

Үміткердің «Бастау бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негізін оқыту туралы 3 жылдан аспайтын мерзімге сертификатты болуы тиіс. Оқу үшін әлеуетті қатысушы skills.enbek.kz порталында тіркеледі. Өтініштерді қабылдау лек бойынша business.enbek.kz порталында жүзеге асады.

– **Аталған санаттар мемлекеттің жұмыс орындарын субсидиялаумен іске асады ғой. Осыны таратып айтсаңыз.**

Бұл адамдардың жас айырмашылықтарына қарай бөлінеді. Мысалы:

– «Алғашқы жұмыс орны» бағдарламасы 35 жасқа дейінгі жастарға, жұмыс тәжірибесі жоқ, колледждер мен жоғары оқу орындарының түлектеріне арналған. Жастар 30 АЕК мөлшерінде жалақы ала отырып жұмыс істейді. Тәжірибені өту мерзімі 18 айдан аспайды және еңбек өтілі есептеледі, тәжірибеден кейін тұрақты жұмысқа орналасу мүмкіндігі бар. 2023 жылы 325 адам жұмысқа орналасқан. Бүгінгі таңда осы бағдарлама бойынша 73 адам жұмысқа орналасты.

– «Жастар практикасы» бағдарламасы 35 жасқа дейінгі жастар үшін колледждер мен жоғары оқу орындары түлектерінің дипломы бойынша жұмыс өтілі жоқ болған жағдайда бастапқы жұмыс тәжірибесін алуға мүмкіндік береді. Жас мамандар 30 АЕК мөлшерінде жалақы ала отырып, жыл бойы жұмыс істейді. 2023 жылы 1052 адам жұмысқа орналасқан. Бүгінгі таңда 246 адам жұмысқа орналасты.

– «Ұрпақтар келісімшарты» бағдарламасы оқу орындарының түлектерін жұмысқа орналас-

алады. 2023 жылы 2435 адам жұмысқа орналасқан. Бүгінгі таңда 1709 адам жұмысқа орналасы.

– «Әлеуметтік жұмыс орындары» бағдарламасы аясында азаматтар 1 жылға жұмысқа орналасады. Жалақыны жұмыс беруші белгілейді және оны ішінара мансап орталығы жабады. 2023 жылы 303 адам жұмысқа орналасы. Қазіргі уақытта 211 адам өз жұмысын тапты.

50 жастан асқандар үшін «Күміс жас» бағдарламасы бар. 3 жыл жұмыс істегеннен кейін адам штатқа орналаса алады. Өткен жылы 789 адам жұмысқа орналасса, қазір 518 адамға өз жұмыс орнын табуға көмектестік.

Жұмыссыздар қысқамерзімді курстан өте алады. Маңызды бағыттың бірі – кадрларды даярлау және қайта даярлау. Кәсіптік оқыту оқу ұйымдарында жұмыс берушілердің сұранысы бойынша және жұмыс берушілердің жұмыс орнында жүзеге асады. Оқу ұзақтығы – 1 айдан 3 айға дейін. Оқушылар стипендия алады. Оқыту «тігінші», «шаштараз», «аспаз», «тәрбиеші», «косметолог», «маникюр шебері» мамандықтары бойынша өтеді.

– Әлеуметтік осал топтарды қолдау тұрғысындағы нақты жобалар, жұмыс орындарына

ұйымдарға белгілейді:

– 50-ден 100 адамға дейін

– қызметкерлердің тізімдегі санының 2-4% мөлшерінде;

– 101-ден 250 адамға дейін

– қызметкерлердің тізімдегі санының 3% мөлшерінде;

орналасқан ұйымдарда квота белгіленбейді. Бұл квота зейнет жасындағыларға қолданылмайды. Сонымен қатар мүгедектігі бар азаматтарға арналған арнайы бос жұмыс орны 2024 жылдың сәуір айында «Aukenoff

«ЕҢБЕК МОБИЛЬДІЛІГІ ОРТАЛЫҒЫ» КММ МАНСАП ОРТАЛЫҒЫ

16836

ӨТІНІШ БЕРГЕНДЕР САНЫ

775

АДАМ ЖҰМЫСҚА
ОРНАЛАСТЫ

425-І

ӘЙЕЛДЕР

350-І

ЕРЛЕР

329-Ы

ЖАСТАР

МЕМЛЕКЕТ СУБСИДИЯЛАЙТЫН
УАҚЫТША ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫНА
2757 АДАМ ОРНАЛАСТЫ



№50 (4638) 27/04/2024 Сенбі

Сәкен Сейфуллин ұстаздық етуді Ақмолада 1912 жылы Ғабдулла халфе Сұлтанұлы медресесінде қазақ-татар балаларына орыс тілінен сабақ беруден бастайды. Мешіт 1895 жылы Жәнібек Байбековтің (Сәкен Сейфуллиннің арғы атасы) болыс губернаторы Мүрсәлім қажы Миркамаловтың бастамасымен Ақмоланың ең бай саудагері татар Нұрмұхамет Забировтың жеке қаражатына салынғаны белгілі. Соңдықтан мешіт халық арасында «татар» деп аталды.

1916 жылы 10 мамырда Омбы мұғалімдер семинариясын бітіргеннен кейін, Ақмола уезі Сілеті-Бұғылы ауылында Ш.Уәлихановтың жиені подполковник Сұлтан Абылаевтың қолдауымен үйінде мектеп ашып, сол жерде ұстаздық етеді.

КСРО Жазушылар одағының мүшесі Е.Тәжин ұстазы С.Сейфуллин жайында толғана сыр шертеді: «Ахмет төре ауылы қаладан 60 шақырымға таяу Нұра өзенінің ең шұрайлы жағасына орын тепкен. Көк сырмен сырланған жеңіл арбаның үстінде Омбы семинариясын бітіріп келген С.Сейфуллиннің (Ақтөбе) Сілеті-Бұғылы болысында мұғалімдік қызметінің басталуы, «желеткелі қара костюм киген, қара мұртты, ат жақты, қою қара қасты, қыр мұрынды уыздай жас жігіт Сейфуллиннің Сәдуақасы бізге мұғалім болып келді» деп көз алдына елестете басталатын естелігінде бірге оқыған Ақылбек Ержұманов туралы дерек бере кетеді... С.Сейфуллин төре ауылында мектеп болады деген кірпіш үйдің шағын бөлмесінде жалғыз тұрады... Сабақ қырық-йек айында басталды. Сәкен аға аз уақыттың ішінде мектеп үйін жабдықтатқызды. Балалар оқытатын бөлмеге тақтайдан биік стол, орындық жасатқызды...



С.Сейфуллин 1912 жылы алғаш сабақ берген мектеп. Қазіргі Абай даңғылы, 83 мекенжайында орналасқан

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН АШҚАН МЕКТЕПТЕР

Сәкен Сейфуллиннің қазақ елінің болашағы үшін саяси-қоғамдық, мемлекеттік істердегі алғашқы қадамы осы Ақмола жерінен бастау алады. Ең үздік туындылары осы қалада жазылған. Қазақ топырағында алғашқылардың бірі болып қоғам қайраткері ретінде қалыптасып, алғаш ұстаздық қызметін осы қалада бастап, өлімнен бетпе-бет келді емес пе?! Ендеше бүгінгі егеменді еліміздің бас қаласы – Астанада Сәкен жүріп өткен жолды атап, ашқан мектептерін айтқан жөн.

Сабақтан соң 2-3 сағат ауылдың жанындағы өзен жағасында бізге қызықты әңгімелер айтып беретін. Және серуен сабақ барысында бізді орысша сөйлесуге шақыратын. Ол тез тіл үйренуге көмектеседі дейтін еді» (Е.Тәжин. Ұстаз. 1964. 3 июнь; «Шамшырақ нұры», 28 июнь, 1984).

Ақмола мұсылман мектебі

өткен ғасырдың басында жұмыс істеді. Бұл білім ошағында 1916 жылы көрнекті ақын әрі жазушы Сәкен Сейфуллин ұстаздық еткен. Ақмолада мұсылман мектебінің директоры Ғалымжан Құрмашев болады. Мектепте Сәкен және Ғалымжан Құрмашевтің жары Асима Қарабекқызы сабақ береді. Ғалымжан Құрмашев – С.Сейфуллиннің досы. Ол да Омбы қаласынан 1916 жылы білім алып келген. Бұл ғимаратта Қ.Қуанышбаев атындағы мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық-драма театрының қойылым цехы болған. Қазіргі кезде мұнда қалалық Мәдениет басқармасының мекемелері орналасқан.

С.Сейфуллиннің досы. Ол да Омбы қаласынан 1916 жылы білім алып келген. Бұл ғимаратта Қ.Қуанышбаев атындағы мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық-драма театрының қойылым цехы болған. Қазіргі кезде мұнда қалалық Мәдениет басқармасының мекемелері орналасқан.

Отырар көшесі (бұрынғы Орджоникидзе көшесі) 29 және 31-де орналасқан ағаш сәулет өнерінің ескерткіштері Сәкен Сейфуллиннің есімімен байланысты, ол жерде ата-аналарының өтініші бойынша балаларға орыс тілінен сабақ берген. Бұл үйлерде 1907 жылдан бері медреседе 27 оқушыдан тұратын қырғыз-татар бастауыш мектебі жұмыс істеді. №29 үйде ұлдар мектеп, ал №31 үйде қыздар мектебі болған.

С.Сейфуллиннің атсалысуымен 1917 жылы Ақмоланың Слободка ауданында орыс-қазақ мектебі ашылды. Мектеп үшін көпес Болашевтың үш бөлмелі үйі қолданысқа берілген. С.Сейфуллин бұл мектепте оқытушы Д.Гобузовпен бірге жұмыс істеген. Тәжірибелі ұстаздың сабаққа арналған қолдан жасалған көрнекті музей экспозициясының «Педагогика» залында көрсетілген. Давид Гобузовтың 1968 жылы жазып кеткен естелігін келтірейін: «Сәкенмен 1917-1918 жылдары Ақмола қалалық орыс-қазақ училищесінде бірге жұмыс жасау сәті түсті. Күзде мені осы оқыту орнына мөңгеруші етіп ауыстырды. Бұл училище Ақмоладағы алғашқы училищелердің бірі еді. Үш бөлмелі көпес Болашевтың үйінде оқыдық. Бір бөлмесінде жанұямен тұрдым, қалған екі бөлмеде балалар оқыды. Мектепте оқытын балаларды Сәкен екеуіміз іріктеп алдық. Сәкен балаларды өте жақсы көрді. Қолы бос болып қалса, ойын ұйымдастыратын. 1918 жылы Ақмоладағы төңкерістен кейін училище жабылып қалды». Бұл естелік Целиноград қаласында 18 қазанда жазылған екен. Мектепте С.Сейфуллиннің шәкірті, журналист-ұстаз Жұмабай Орманбаев пен Сәкеннің інісі Мәжит Сейфуллин оқыды.

Шәкірті Жұмабай Орманбаев өз естелігінде мынадай қызық дерек айтады: «Бір күні елден бір шал үстімізге кіріп келіп, баласын оқуға алуды өтінді. Сәкен аukatты адам екенін түрінен байқап:

– Кешірек қалдыңыз ғой, орын жоқ, – деді.

Шал қалтасынан бес сомды алып стол үстіне қойды.

Сәкен сақылдап күліп:

– Мынауыңыз не? – деді шалға.

– Кітап алыңыз!


– Ақсақал, дүниенің бәрін білмен алып жүргенсіз-ау. Қайтып алыңыз! – деді Сәкен түсін суытып.

Шал ақшасын алып шығып кетті. Сәкеннің сол кезде әрі оқытуға, әрі газет шығаруға, әрі жазуға, әрі күні-түні дамылсыз жүріп жатқан саяси-қоғамдық жұмыстарға қалай уақыты жетіп үлгергеніне қайран қалатын едік... Бұл мектеп 1918 жылдың жазында Ақмоладағы төңкерістен кейін жабылған.

Ақмоладағы үйде шамамен 1917-1918 жылдар аралығында тұрған. Яғни 1918 жылдың басына патшашылдар төңкеріс жасап, Ақмоланы құлатқан кезге дейінгі тұрған үйі болған. Бірақ бұл үй де қазіргі күні сақталмаған. Қазіргі Республика даңғылы мен Амангелді Иманов көшесінің қиылысында орналасқан екен.

Небәрі 44 жас өмір сүріп, тағдыры 20 минутта шешілген С.Сейфуллиннің туғанына 130 жыл толып отыр. Қазақ елі үшін жасап кеткен игі істері ұшан-теңіз. Әлі де зерттелер қырлары жетерлік.

Гүлнәзия БОЛАТ,
Астана қаласындағы
Сәкен Сейфуллин
музейінің қызметкері



С.Сейфуллин білім берген мұсылман мектебінің ғимараты. Ол Абай мен Республика даңғылдарының қиылысында орналасқан



Ақмолада С.Сейфуллиннің өзі тұрған үйі



Көпес Болашевтың үйі. Бұл ғимарат қазіргі Сарыарқа ауданының аумағында Талшын көшесінде Сарыарқа мен Абай даңғылдарының қиылысындағы кішкене көшеде (бұрынғы Пионерская, 27) орналасқан. Бертін келгенше ғимарат сақталған. Өкінішке қарай, қаланың бас жоспарының өзгеруіне байланысты ысырылып, орнына көпқабатты үйлер салынған

САН ҚЫРЛЫ СӘКЕН СЕРІ

Астанадағы Ұлттық академиялық кітапханада көрнекті жазушы-драматург, Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Сәкен Жүнісовтің 90 жылдығына арналған «Сан қырлы Сәкен сері» атты ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Іс-шара барысында қаламгердің асыл мұрасы – кітаптары мен басылымдарынан көрме ұсынылды.



Аманғали
ҚАЛЖАНОВ

Жиналғандар қаламгердің сан қырлы, сан салалы еңбегіне, өмірі мен шығармашылығына тоқталып, әсерлі естеліктермен бөлісті. Жазушының көзі тірісінде телеарналарға берген сұхбаттарынан үзінділер көрсетіліп, шығармашылығының ерекшеліктері туралы айтылды.

Жуырда Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен «Жастар» театрында Сәкен Жүнісовтің 90 жылдығына арналған әдеби-сазды кеш өтті. Мұны жиынды жүргізген Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы, аталмыш ұйымның Астана қалалық филиалының директоры Дәулеткерей Кәпұлы атап өтті. Әдебиеттанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Серік Негимов Сәкен Жүнісовтің өмір жолына тоқталды. Қаламгер Қазақ мемлекеттік университетін бітіргенде қазақ ән мәтіндері жөнінде дипломдық жұмыс жазғанын айтты. Сонда диплом жетекшісі Зейнолла Қабдолов, ал оппоненті Мұхтар Әуезов болғанын айта келе, екеуіне де бұл жұмыс ұнағанын жеткізді. Жалпы Сәкен Жүнісовке ұлы Мұхтардың ерекше ықыласы түскенін атап өтіп, жазушының «Жапандағы жалғыз үй» романы үшін көр-ген қуғынына тоқталды. Белгілі алаштанушы ғалым, академик, «Қазақ газеттері» ЖШС бас директоры Дихан Қамзабекұлы кезінде «Ана тілі» газетінің бас редакторы Жарылқап Бейсенбайұлының тапсырмасымен Сәкен Жүнісовтен сұхбат алғанын, сол уақыттан қаламгермен жақын араласқанын атап өтті. Жазушы шығармашылығының қызықты тұстарына тоқталды.



Жазушы-драматург, қоғам қайраткері Алтыншаш Жағанова, жазушы Мәди Айымбетов естеліктерімен бөлісті. Журналист-жазушы Жабал Ергалиев Сәкен Жүнісовтің асыл бейнесін еске алды. Жазушы-драматург, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Роза Мұқанова 60-жылдар әдебиеті қазақ әдебиетінің алтын дәуіріне айналғанын атап өтіп, сол уақытта әдебиетке келген қаламгерлердің қарым-қа-

тынасына тоқталды. Белгілі ақын, әдебиеттанушы ғалым Ерболат Баятұлы қаламгерлердің шетелдегі қандастарды қолдауына тоқталып, бұл мәселеге Сәкен Жүнісов сергек қарағанын, сол мақсатта Моңғолияға арнайы барғанын айтты. Жазушы-драматург Жарылқап Бейсенбайұлы Сәкен Жүнісов мұрасын ғылыми айналымға айналдыру мәселесін қозғады. Жазушы-журналист Несіп Жүнісбайұлы Сәкен Жүнісовтің «Ақан сері» романының құндылығына тоқталды. Жазушы Толымбек Әбдірайымұлы Сәкен Жүнісовтің Бұрабайда құрылысы бітпей қалған үйінің мәселесін көтерді. Ақын Тортай Сәдуақасов арнау өлеңін оқыды. Әдебиет сыншысы Амангелді Кеңшілікұлы Сәкен Жүнісов шығармашылығының ерекшеліктерін тоқталды. Ақын, манасшы, жазушы Баянғали Әлімжанов, әдебиеттанушы ғалым Қайырбек Кеменгер сөз сөйледі. Белгілі әнші, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Қапаш Құлышева Сәкен серінің сүйікті әндерінің бірі Сәкен Сейфуллиннің «Біздің жақта» әнін әулетті. Жиын соңында жазушының қарындасы Роза Жүнісова жиналғандарға алғыс айтты.

АДАМ ІЗДЕП ЖҮРГЕН ЖАН

Астанадағы Ұлттық академиялық кітапханада мемлекет және қоғам қайраткері, белгілі қаламгер, композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Әкім Ысқақтың «Адам іздеп жүрмін» шығармашылық кеші мен «Күн ұлымын», «Біздің Бапақ» және «Менің Қосжаным» кітаптарының таныстырылымы өтті. Жиынды белгілі ақын, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының хатшысы, осы ұйымның Астана қалалық филиалының директоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Дәулеткерей Кәпұлы жүргізді.

Аманғали
ҚАЛЖАНОВ

Іс-шара Парламент Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаевтың кеш иесіне жолдаған құттықтау хатымен ашылды. Оны Сенат депутаты Әли Бектаев оқып берді.

«Құрметті Әкім Әбдіқайымұлы! Биыл қаламды серік етіп, шынайы шығармашылықпен айналысып келе жатқаныңызға тура 50 жыл толып отыр. Осы атаулы датаға орай ұйымдастырылған әдеби кешіңіз құтты болсын! Сіз өлең әлемінен өзіңіздің лайықты орныңызды алған тұлғалардың бірісіз. Әсіресе балалар әдебиетіне қосқан үлесіңізді айрықша атап өткіміз келеді. Бүгінге дейін көптеген туындыңыз мектеп бағдарламасына еніп, өскелең ұрпақтың сергек рухты әрі тәрбиелі болып қалыптасуына зор ықпалын тигізуде. «Күн ұлымын» және «Біздің Бапақ» кітаптары да алдағы уақытта өскелең ұрпаққа дұрыс тәлім беру миссиясын мүлтіксіз атқарады деп сенеміз. Сонымен қатар сіздің есімі көпшілікке беймәлім талантты тұлғаларды тауып, оларды таныту жолындағы еңбегіңізді де оң бағалаймыз. Осы бағыттағы «Менің Қосжаным» атты зерттеу кітабыңыз жастарымыздың үлкен буынның өнегесін бойына сіңіріп өсуіне септігін тигізеді деп ойлаймыз» делінген құттықтау хатта.

Сенат төрағасы хатында кеш иесінің қаламгерлік жолына ғана емес, қайраткерлігіне де тоқталды. Соның ішінде еліміздің кәсіби Парламентінің қалыптасып, дамуына зор үлес қосқанын, қызметіне қарамастан, шығармашылығынан қол үзбегенін, әдебиетке адалдық танытқанын атап өтті.

Әли Бектаев өз тарапынан Әкім Ысқақтың өмір жолына, Парламенттегі еңбегіне тоқталды. Әсіресе кеш иесінің тұңғыш қазақ тілінде



жазылған «Халықтың көші-қоны туралы» заңының авторы екенін айрықша атап өтті. Шығармашылығының тәрбиелік мәні, азаматтық қырлары туралы айтты.

Құттықтаулар легін Мәдениет және ақпарат министрлігі Архив, құжаттама және кітап ісі комитетінің төрағасы Рустам Әли, Оқу-ағарту министрлігі Тәрбие және қосымша білім департаментінің директоры Меруерт Медтебекова жалғады. Астана қаласы Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазиевтың игі тілегін осы басқарманың бөлім басшысы Асыл Амангелдіқызы жеткізді. «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі орталық кеңесі төрағасының бірінші орынбасары, тарих ғылымдарының докторы Өмірзақ Озғанбаев 1997 жылдың жеттоқсанындағы астана Алатаудан Арқаға көшіп келген тарихи күнді еске алып, Әкім Ысқақпен Парламентте

қызметтес болғанын атап өтті. Кеш иесінің сол жылдардағы еңбегіне тоқталды. Сенат депутаттары Алтынбек Нұхұлы мен Руслан Рүстемов, Мәжіліс депутаттары Қазыбек Иса, Абзал Құспан тілегін жеткізді. Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимовтың жылы лебізін қалалық мәслихат депутаты Ерлан Дәкенов жеткізді. Шығармашылық кеште Әкім Ысқақтың әндері әуелеп, өлеңдері оқылды.

Әкім Ысқақты Оқу-ағарту министрі Ғани Бектаев қабылдап, шығармашылығының 50 жылдығымен құттықтады. Министрліктің «Балалар кітапханасы» бағдарламасымен шыққан кітаптары балалардың кең аудиториясынан орын алатынына сенім білдірді. Қазақы дәстүрмен иығына шапан жауып, алғыс хат табыс етті.



ОҒЫЗ ТАРИХИ МҰРАСЫ

Ұлттық музейде «Қазақ даласындағы Оғыз тарихи мұрасы» атты халықаралық фотокөрме мен «Қазақстанның түрік-оғыз мұрасы: мәдени құндылықтар және уақыт керуені» атты халықаралық тарихи-танымдық семинар өтті. Ұйымдастырушы – Юнус Эмре түрік мәдениет орталығы.

Аталмыш шараға Парламент Сенатының депутаттары Руслан Рүстемов пен Бибігүл Жексенбай, Түркияның Қазақстандағы төтенше және өкілетті елшісі Мустафа Капуджу, отандық және шетелдік ғалымдар қатысты. Көрмеге 27 фотосурет пен Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі қорынан 43 жәдігер қойылды.

Тарихи-танымдық семинарда елімізде толық зерттелмеген түркі-оғыз мұрасының, соның ішінде Қазақстан жерінде орналасқан түркі халықтарына ортақ тарихи-мәдени мұралары талқыланып, Қазақстан мен Түркия ғалымдары

тәжірибе алмасты. Семинарда Ұлттық музейдің «Мәдени мұра» журналының редакторы, тарих ғылымдарының докторы, профессор Жамбыл Артықбаев, Докуз Ейлүл университетінің профессоры Еркан Гөксу (Түркия), «Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи музей-қорығының директоры Әлібек Күзержаев, Маңғыстау мемлекеттік тарихи-мәдени қорығының директоры Нұрлан Құлбай, Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры Сапар Көзейбаев және басқа да ғалымдар тағлымды баяндамалар оқып, тың ақпараттармен бөлісті.

ӘЗІРГЕ 3 ЛИЦЕНЗИЯ БАР

Қазіргі уақытта Астана қаласы құрамына спортшылары 2024 жылғы Олимпиада ойындарына 3 лицензия жеңіп алды.

Париж Олимпиадасына боксшылар Айбек Оралбай (92 кг) және Нұрбек Оралбай (80 кг), қазіргі бексбайыс жарысына қатысатын Елена Потепенко мен Павел Ильященко жұбы қазірдің өзінде дайындық жүргізуде. Сондай-ақ тағы бірнеше спортшы алдағы уақытта лицензиялық жарыстарда бағын сынайды. Атап айтқанда, әйелдер күресінде Жәмиля Бақберенова (76 кг), Эмма Тимина (57 кг), Жұлдыз Әшімова (53 кг), Светлана Анкичева (50 кг); әйелдер боксында Валентина Халзова (75 кг), Римма Волосенко (60 кг); велоспорттан Рамис Дінмұхаметов; көркем гимнастикадан Айбота Ерсайқызы; спорттық күзға өрмелеуден Әмір Маймұратов; үстел теннисінен Анастасия Лаврова, Кирилл Герасименко; жүзуден Әділбек Мусин (50 м, 100 м) Париж ойындарына бару үшін сығға түседі.

«Қазіргі уақытта Астана қаласы құрамының

спортшылары мен жаттықтырушылары үшін лицензиялық турнирлерде ойдағыдай өнер көрсетуіне барлық жағдай жасалған. Барлық үміткер спортшылар түгендеу, жабдықтар және фармакологиямен толық қамтамасыз етілді. Сондай-ақ спортшылар денсаулық жағдайы туралы ғана емес, функционалдық жай-күйін және оның динамикадағы физикалық көрсеткішін бақылау үшін барынша толық және жан-жақты ақпарат алу мақсатында уақытылы медициналық тексеруден өтеді. Олимпиада ойындарына қатысушылар барлық лицензиялық турнирлердің нәтижесі бойынша белгілі болады» деді елордалық спортшылардың Олимпиада ойындарына қатысуға мүмкіндігін атап өткен Астана қаласы әкімдігі спортты дамыту дирекциясының басшысы Олжас Әкімов қалалық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте.

НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?



ӘЖЕМНІҢ ЕРТЕГІСІ

27, 28 сәуір 16:30

Қуыршақ театры



ЕКІ ТАҒДЫР - БІР ӨМІР

28 сәуір 19:00

Жастар театры



AIRY TANGO NIGHT

28 сәуір 18:00

Astana Ballet



«СЕЗІМ САПАРЫ»
СПЕКТАКЛЬ-ТУР

СЕЗІМ САПАРЫ

29 сәуір 15:00, 19:00

Жастар театры



Жұлдызды гид

30 сәуір 15:00

ҚР Ұлттық музейі



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор –
Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор –
Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың
орынбасары –
Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды
сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және
сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың
мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының
компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №50

Баспахана: Астана қаласы,
Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі:
тел./факс: +7 (7172) 42-43-81
Тілшілер бөлімі: 42-41-03
Жарнама: 42-43-52
Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Нұрлат БАЙГЕНЖЕ